

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

Іскер адамның психологиясы және іскерлік этикасы

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.11.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/146771/>

Іскерлік этикет- іскерлік қарым-қатынастың көп жылдық қарым-қатынастың практикасымен жасалған мінез-құлық нормаларының кешені. Бұл адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін және қоғамда үлкен рөл атқаратын құлдардың бірі. Ал іскер адамның психологиясын зерттеу үшін оның жұмысындағы этикет, тәртіп сақтау қабілеттерімен танысу қажет. Бұл мәселе тек іскер адамдарға ғана емес, келешекте ұстаз болуды мақсат қoған шетел филологиясы мамандығы бойынша 1 курс магистранттары үшін өзекті тақырып болып табылды.

Көпжылдық тарихи бар Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің маңызды сабақтарының бірі «Басқару психологиясы» пәнінде Іскер адамның психологиясы мен Этикасы туралы сонымен қатар, жұмыс барысындағы этика жайлы біраз мағұлматтар қарастырылып, зерттеулер жүргізілген болатын. Семинар барысында іскерлік қарым-қатынас — белгілі мақсаттарды іске асыруды көздейтін іс-әрекет, ақпарат пен тәжірбие алмасу жұмыстары арасындағы өзара байланыс орнататын іс-әрекет процесі және оның басты тірегі этика екені айқындалды. Барлық студенттер өз ойын білдіру барысында іскерлік адамның этикасы арқылы оның жұмысқа ынтасын ғана емес, оның тұлға ретіндегі мінезі және психологиялық бейнесін анықтауға болатын құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік беретінің аңғарды. Жалпы айтқанда, іскерлік қарым-қатынас этикасы – профессионалдық іс-әрекетті жүзеге асыратын өзін-өзі ұстау нормалры мен арны әмбебап мінез-құлықтарын талап ететін жүйе. Іскерлік қарым-қатынасқа кіреді: ұйымның сыртқы және ішкі саясатның этикалық бағасы, мүшелердің моральды принциптері, ұйымның моральды климаты, іскерлік этикет нормалары. Іскерлік қарым-қатынас әр түрлі формада жүзеге асырылады: іскерлік әңгіме, іскерлік келіссөздер, іскерлік кеңестер, көпшілік алдында сөйлеу. Іскерлік қарым-қатынастар тәжірибесі тұлғааралық қарым-қатынасқа байланысты мәселелерді шешуде көп нәрсе серіктестер (әңгімелесушілер) бір-бірімен қарым-қатынас жасай алатынына байланысты екенін көрсетеді. Іскерлік қарым-қатынас түрлерінің әр түрлілігі кезінде іскерлік әңгімелесу ең

көп таралған және жиі қолданылатын болып табылады. Іскерлік қарым-қатынас адамның танымдық іс-әрекетінің дамуында маңызды орын алады. Тұлғаның ақыл-ойының оның теориялық білімі мен практикалық іс-әрекеті барысында алған тәжірбиелері арқылы жүзеге асырылады. «Басқару психологиясы» пәні осындай өзекті мәселерді талқылау арқылы білімді мамандарды дайындауда алатын орыны жоғары.

Жубаназарова Н.С.

психология ғылымдарының кандидаты,

профессор

Кәдір А.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

магистранты

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.